

20 Arutyunova N. D., Paducheva E. V. Sources, problems and categories of pragmatics. // NZL. Issue XVI. Linguistic pragmatics. - M.: Progress, 1985. – 501с, pp. 3-42.

21 "Strategies for the study of language units". Materials of the International Scientific and Practical Conference. – Tver, April 16-17, 2010. – 295 p.

### **Прагмалингвистическая направленность речевой деятельности в казахском языке**

**Ф.Т. Саметова,<sup>1</sup> А.А. Сарымбетова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Академия Кайнар, Алматы, 050000, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Университет иностранных языков и деловой карьеры, Алматы, 050000, Республика Казахстан

*Речевая деятельность исходит из необходимости начала коммуникативного акта. С помощью речевого общения происходит общение, влияние на слушателя, осуществляется коммуникация предложения. Поэтому в настоящее время речевая коммуникация, теории речевого акта в лингвистике рассматривается как новое направление, прагматическое изучение языка стало одной из актуальных проблем.*

*Так как языковая функция общения реализуется в различных аспектах, прагматика будет связана с общей коммуникативной функцией языка, поэтому прагматическое направление – ключевая позиция в различии существующего языкового смысла и содержания. Необходимость изучения речи с точки зрения прагмалингвистики сложилась в связи с увеличением коммуникативной деятельности. В казахском языкознании проблемы, рассматриваемые прагматикой, не изучены, и только в настоящее время в ходе научных исследований поднимаются данные вопросы.*

Материал поступил в редакцию журнала 11.02.2021

### **Pragmalinguistic orientation of speech activity in the kazakh language**

**F.T. Sametova,<sup>1</sup> A.A. Sarymbetova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kainar academy, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

<sup>2</sup>University of foreign languages and business career, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

*Speech activity is based on the need to start a communicative act. Speech communication is used to communicate, influence the listener, and communicate the sentence. Therefore, at present, speech communication and speech act theory in linguistics are considered as a new direction, and pragmatic language learning has become one of the most pressing problems.*

*Since the language function of communication is implemented in various aspects, pragmatics will be related to the General communicative function of the language, so the pragmatic direction is a key position in the difference between the existing language meaning and content. The need to study speech from the point of view of pragmalinguistics has developed in connection with the increase in communicative activity. In Kazakh linguistics, the problems considered by pragmatics have not been studied, and only now these issues are being raised in the course of scientific research.*

Received: 11.02.2021

MFTAP 16.21.07

### **С.К. Сәтенова**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы

## ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

*Мақала қазақ тіліндегі зергерлік өнерге қатысты тілдік бірліктерді зерттеуге арналған. Мақалада аталған тілдік бірліктердің зерттелуіне қысқаша шолу жасалып, жіктелімі қарастырылды. Сондай-ақ кейінгі кезеңдерде сиректеу қолданылатын бірқатар зергерлік бұйым атауларының этнолингвистикалық мәні сарапталды. Зерттеу барысында қазақтың көне зергерлік бұйымдарының атаулары, этномәдени қыры, оларды тұтынудың себеп-салдары тәрізді мәселелер жоғары оқу орындарында білім алушылардың көпшілігіне беймәлім екендігі анықталды. Сондықтан да тілдік қордың ауқымды бөлігін құрайтын аталмыш тілдік бірліктерді салыстырмалы, салғастырмалы және аударматанымдық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Себебі қандай да болмасын зергерлік бұйымдардың тұтас тұрпатында, материалы мен ою-өрнектерінде, тіпті қолданылуында да көпшілік назарынан тыс қалатын өзіндік мән бар. Аталған топқа қатысты тілдік бірліктерді зерттеу ұлт тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, ұстанымы, қолөнері жөнінде кейбір мағлұматтарды анықтауға септігін тигізеді.*

*Кілт сөздер: қолөнер, зергерлік, этномәдени лексика, этнолингвистика, мәдени нышанды, тілдік бірлік.*

### КІРІСПЕ

Қолөнерге қатысты атаулар белгілі бір халықтың тарихынан, рухани және материалдық мәдениетінен, дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұмат беретіні мәлім. Оларды арнайы зерттеу барысында сол салаға қатысты мамандарға таныс болғанымен, көпшілікке беймәлім мәселелер анықталуы мүмкін. Беймәлім болуының себебін бір кезеңде күнделікті өмірде жиі қолданылған қолөнер бұйымдарының сиректеу пайдаланылуы немесе мүлде қолданыстан шығуымен байланыстырамыз. Әрине бұл бұйым атаулары этнографиялық зерттеулерде, энциклопедияларда, тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындыларда кездесуі мүмкін. Алайда басқа тілдік бірліктермен салыстыра алғанда сиректеу қолданылады, мамандарға, белгілі бір топқа танымал болғанымен, басым көпшілігі жалпы жұртшылыққа беймәлім күйінде қалады.

Халықтың тарихымен, мәдениетімен астасып жататын, мағынасы көмескіленіп, қоғамдағы, адамның дүниетанымындағы, талғамындағы өзгерістерге орай қолданыс аясы шектелген, жалпы жұртшылыққа беймәлімдеу көрінетін осындай этномәдени нышанға ие тілдік бірліктерді зерттеп, олардың мәнін анықтау өзекті деп есептейміз. Әсіресе, заман талабына сай ана тілімен сусындап қана қоймай, бірнеше тілді қатар меңгеруі қажетті өскелең ұрпақ үшін маңызды болар деп ойлаймыз. Олардың мағынасын, қолданыс аясын анықтап, тіркес құруы, қосалқы мәнге ие болуы және тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер құрамында кездесуі тәрізді мәселелерді зерттеу этномәдени тілдік бірліктердің табиғатын айқындай түсуге септігін тигізеді деп пайымдаймыз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зергерлік өнерге қатысты лексика күнделікті қолданыста бар болғандықтан, көпшілікке таныс, белгілі болып көрінуі мүмкін. Алайда зерттеу барысында қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарының басым көпшілігінің арнайы мамандарды есепке алмағанда, жалпы жұртшылыққа, оның ішінде кейінгі буын өкілдеріне беймәлім екендігі анықталды. Әсіресе бұлар аударматану, шетел филологиясы, екі шет тілі мамандықтарында оқып жатқан білім алушылар үшін маңыздырақ, себебі мағынасы күңгірт, күнделікті өмірде сиректеу қолданылатын этномәдени атаулардың мәнін түсінбесе, аударма жасау және шетел тілін оқыту барысында елеулі кемшіліктердің орын алуы әбден мүмкін.

Қоғамда орын алған өзгерістер адамның табиғатына, оның сұраныстары мен тіліне әсер

етеді және көптеген атауларды қолданыстан ығыстыруы мүмкін, бұл заңды құбылыс. Сондықтан ұлттық мәдениетімізге тән көне атауларды, оларға қатысты тұрақты тіркестерді зерттеп, жаңғыртып отырмасақ, қолданыстан шығып қана қоймай, мүлде ұмытылары анық. Себебі кез келген халықтың рухани және материалдық мәдениеті оның ғасырлар бойы жинақталып, сұрыпталған қазынасы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізер асыл мұрасы екендігі түсінікті. Мақалада осындай тілдік қабаттардың қатарынан орын алатын, күнделікті тұрмыста сиректеу қолданылатын зергерлік бұйым атауларының бірқатары зерттеу нысаны ретінде таңдап алынды.

Кейінгі кездері киім үлгілеріне, әшекей және тұрмыстық бұйымдарға ұлттық нақыштарды енгізу бағытында жасалып жатқан жұмыстар көңілді қуантады. Шеберлікті, талғампаздықты талап ететін ұлттық зергерлік бұйымдарға деген сұраныс та артып келеді.

Жалпы алғанда, қолөнер кәсібіне қатысты атаулар тарихи және тілдік тұрғыдан жан-жақты зерттеліп келеді. Осы орайда этнограф А.И.Левшин, И.Г.Андреев, Э.С.Вульфсон, Ә.Марғұлан, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Э.А.Масанов, Ш.Ж.Тохтабаева т.б. және аталған бірліктердің тілдік табиғатын кешенді түрде зерттеген Е.Жанпейісов, Н.Уәли, Р.Шойбеков, Ж.Манкеева сынды тілші ғалымдардың еңбектерін атап өткеніміз жөн.

Қолөнер кәсібі халық тарихының терең қойнауынан бастау алады және әрбір бұйымның мәні, қолданыс аясы, өзіне тән ою-өрнегі мен нақышы, ерекшелігі бар. Уақыт озған сайын заманауи сұраныстарға орай олардың қатары молайып отырғаны белгілі. Ұлттық қолөнер кәсібінің дамуына көршілес орналасқан халықтар мәдениетінің де ықпалы болғандығы осы мәселені арнайы зерттеген этнограф ғалымдардың еңбектерінде айтылған.

Зергерлік атауларды зерттеудің маңыздылығын ғалым Р.Шойбеков «Қазақ тілінің қолөнер лексикасы» деген еңбегінде: «Қолөнер лексикасы, оның құрамына енетін атаулар мен этнографизмдер – қоршаған ортаны игеру мен ақиқат болмысты танып білу барысында жинақталған тәжірибенің, кең мағынасында қарастырғанда әлемнің тілдік фрагменттері не үзіктері және осыған орай, зергерлік өнер лексикасының этномәдени және танымдық мазмұнын ашудың ғылыми тұрғыда маңызы зор» деп атап өтеді [1, 6].

Өткен ғасырлардағы қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі, наным-сенімдері, таным-түсініктері т.б. жөнінде құнды мағлұматтар қалдырған А.И.Левшин өзінің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей», Э.С. Вульфсон «Киргизы» деп аталған еңбектерінде қазақ қыздары мен әйелдерінің жоғары талғаммен міндетті түрде сырға, алқа, сақина, білезік, шолпы, шашбау т.б. тәрізді әшекей бұйымдарды молынан таққандығы айтылады [2, 27], ал кейбіреулерінің әкесінің сүйікті қызы екенінің белгісі ретінде мұрнына да кішкене күміс сырға таққандығы сипатталады [3, 66].

Зергерлік әшекейлердің сәндік бұйым ретіндегі қолданысынан басқа салт-дәстүрмен байланысты, емдік, тазалық, көз тиюден, сыртқы кері әсерден сақтау тәрізді мән-мағыналары да бар. Жоғарыда аталған тарихи-этнографиялық зерттеулерде қыз баланың жастайынан бой түзеп, қолына, құлағына, қамзолына әшекей бұйымдар таққандығы жөнінде деректер берілген дедік, бұл кездейсоқ емес, олардың өзіндік себеп-салдары бар. Мысалы, кішкентай қыз баланың өзіне «жас нәрестеге көз тимесін» деген мақсатпен кішірек күміс сырға тағатын.

Демек зергерлік бұйымдар сән-салтанат үшін ғана емес (алқа, әйкел, тана т.б.), сондай-ақ әдет-ғұрып (отау жүзік, құдағи жүзік т.б.) пен наным-сенімге де қатысты (бойтұмар, қолтықша т.б.) қолданылды, сондықтан әйел адамдар ортасы мен тұрмыс жағдайына қарай әртүрлі әшекейлер тағуға тырысты. Мысалы, ертеректегі салт бойынша қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын *құдағи жүзік* қос балдақ жүзікке ұқсас, бірақ одан көркемделуі жағынан ерекше болып келеді. Ал сыртқы пішіні күмбез тәрізденіп жасалған *отау жүзікті* енесі «Отауың берік, шаңырағың биік болсын!» деген тілекпен жаңа түскен келінінің қолына салатын [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (әрі қарай қысқаша: ҚТТС түрінде беріледі, 10-т., 233)].

Этнограф ғалым Ә.Марғұлан қазақтың қолөнер дәстүріне арналған еңбегінде зергерлік бұйымдар қатарына әртүрлі формаға ие әшекейлер жататындығын айтып, олардың пішініне, мәніне, қолданыс аясына қатысты құнды мәліметтер келтірген. Мысалы, кеудеге тағылатын

*өңіржиек, омырауша, қапсырма, тұмарша* немесе *бойтұмар*, шашқа арналған *шолпы, шашбау*, сондай-ақ, *білезік, сырға, жүзік*, сәукелеге тағылатын *шілтер*, қыдырғанда киілетін киімге арналған шар тәріздес *торсылдақ түймелер* мен *түйреуіштер* [4, 170].

Осы аталғандардың ішінде *өңіржиек, қапсырма және торсылдақ түймелер* бүгінгі күні сиректеу кездеседі. Олардың мәнін анықтау үшін «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» деп аталған энциклопедияда берілген анықтамаларға сүйенелік. *Өңіржиек* – бір қатар немесе екі қатар болып, бір-бірімен күміс шынжыр арқылы байланысатын, бірнеше күміс тақталардан тұратын әшекей, алқа. Егде тартқан әйелдің өңіржиегі үш-бес тақталы әрі көлемді келсе, жас әйелге арналғанының көлемі шағын, жеңіл болып келеді [5, 46], ал *қапсырма (қаусырма)* – әйел киімінің алдыңғы екі өңірін және белбеудің екі басын қаусырып, ілуге арналған әшекей бұйым [5, 444]. Мысалы:

Үстіндегі көк барқыт қамзолының да етек-жеңі кең, мол пішілген, соның ішінде үш бірдей *қапсырманың* біреуі ғана тағулы [ҚТТС, 9-т., 260].

*Торсылдақ түймелер* – ішінде сылдырмағы бар, үлкендігі баланың жұдырығындай домалақ не сопақша пішінде жасалған күміс әшекей. Оны сәндік үшін көбіне үлкен кісілер омырауына тағатын [5, 537].

Ал *шолпы* мен *шашбаудың* да қоғамдағы әртүрлі заманауи өзгерістерге орай бүгінгі күні арнайы салтанатты іс-шараларға байланысты ғана пайдаланылатыны белгілі, сондықтан да болар әсіресе жастар жағы көбіне олардың ара-жігін ажырата алмай жатады. *Шолпы* – қыздардың бұрымына тағылатын әшекей, көбіне үшбұрыш, сопақша пішінді болып келеді, қақталған күмістен, екі үзбелі шынжырдан жасалады, шынжырларына күміс тиын, тұмарша, қоңырау т.б. тағылады, ал *шашбау* – бұл да бұрымға тағуға арналған, көбіне күмістен соғылып, ұшына сәнді зер шашақтар немесе алтын, күміс теңгелер тағылған сәндік бұйым [5, 713]. Шашбау мен шолпыға тағылатын кейбір күміс теңгелер *сөлкебай* деп аталды, бұл – патшалық Ресейде айналымда болған бір рубльдің, *целковый* сөзінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сәйкес өзгерген түрі [5, 230]. Мысалы,

Қырмызы шашына таққан *сөлкебайын* сыбдыратып, Ораз жатқан үйге кірді [ҚТТС, 13-т., 308].

Шашқа арналған әшекейлердің бұдан басқа *шашқап, шашкерме, шашмоншақ, шаштеңге* тәрізді түрлері де кездеседі. *Шашқап* – шашты, бұрымды күн көзінен, шаңтозаңнан қорғау мақсатында тағылатын сәндік бұйым, *шашкерме* – таралған шашты жинап, бірқалыпты ұстап тұратын күмістелген әшекей, бойжеткен қыздар шүйде тұсынан тағады, ал *шашмоншақ* – бұрымның ұшына тағылатын моншақ түрі [5, 682].

Халықтың зергерлік бұйымдарын жан-жақты зерттеген этнограф ғалым Ш.Ж.Тохтабаева «Әшекейлерді қыз балалар кішкентайынан таға бастаған. Олардың болмауы, қазақтың дәстүріне сәйкес, аза тұту деген ұғымды білдірді» дейді [6, 97]. Жоғарыда айтылған пайымдаулар мен *Әшекейі жоқ әйел, жапырағы жоқ ағашпен тең* деген мақал да халықтың осы мәселеге қатысты таным-түсінігін аңғартатын тәрізді. Сонымен қатар, жас ерекшелігіне қарай әшекей бұйымдардың түрлері мен нақышы ауысып, ал тұрмыс құрғаннан кейін және жасы ұлғайған сайын олардың саны біртіндеп азайып отырды.

Әйел адамдардың жас ерекшелігіне қарай күнделікті тұрмыста және түрлі ұлттық рәсімдер мен салтанатты басқосуларда тұтынуына арналып жасалған әрбір зергерлік бұйымның көпшілікке беймәлім астарлы мәнімен, кейбір ұқсас элементтерімен қатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Басқаларын былай қойғанда, бір біріне ұқсас болғанымен, қолға тағылатын әшекейлердің асыл тастардан көз салынғаны – *жүзік*, тасы жоқ, тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарылғаны – *сақина*, алтыннан және күмістен соғылған немесе құйылып жасалған түрі *балдақ деп* аталатынын екінің бірі біле бермес. Күнделікті өмірде осылардың жалпы атауы ретінде көбіне *сақина* сөзі жиі қолданылатыны белгілі.

Зергерлік бұйым атаулары ұлттың әдет-ғұрпы, салт-санасы, жоралғылары мен ата дәстүрінің, рухани мәдениетінің тілдегі айқын көрінісі деуге болады. Осы мәселеге қалам тартқан этнограф және тілші ғалымдар оларды түрлеріне, мәніне, қолданыс аясына, жасалған материалына т.б. қарай топтастырды. Мысалы, зергерлік бұйым атауларын кешенді түрде

жан-жақты зерттеп, сөздіктер құрастырған тілші ғалым Шойбеков Р. зергерлік өнерге қатысты тілдік бірліктерді келесі топтарға жіктеді:

1. Зергерлік әшекей атаулары;
2. Әшекейленген тұрмыстық бұйым атаулары;
3. Зергерлік өнерде қолданылатын құрал-сайман атаулары;
4. Зергерлік бұйымдарға қолданылатын ою-өрнек атаулары;
5. Зергерлік әшекей жасауға қажетті материал атаулары;
6. Зергерлік өнерде қолданылатын өңдеу, әдіс-тәсіл атаулары [7, 3].

Зергерлік кәсіпке қатысты тілдік бірліктердің жіктеліміне назар аударар болсақ, алуан түрлі бұйымдардың атауы ғана емес, оның жасалу жолы, әдіс-тәсілі, материалы мен ою-өрнегіне дейін қамтылған. Осы жіктелімнің өзі ғалымның зерттеуінің ауқымдылығын әрі маңыздылығын танытады.

Халықтың зергерлік бұйымдары жөнінде маңызды зерттеулерімен танымал этнограф ғалым Ш.Ж.Тохтабаева оларды қолданыс аясына қарай былайша топтастырады:

1. Қорғаушы әшекейлер (*бойтұмар, тұмарша, қолтықша, есектас*);
2. Самайлық әшекейлер (*шекелік, бетмоншақ*);
3. Кеуде әшекей атаулары (*түйреуіш, түйме, өңіржиек*);
4. Арқаға арналған әшекей атаулары (*арқа алқа*);
5. Белге арналған әшекейлер (*белдік, белбеу*);
6. Қолға арналған әшекейлер (*білезік, жүзік, сақина*);
7. Аяқ-киімге арналған әшекейлер (*айылбастар, шытыра*);
8. Гигиеналық әшекей жинақтары (*тіс шұқығыш, құлақ тазалағыш*) [6, 131].

Жоғарыда берілген жіктемелерден әшекей бұйымдардың алуан түрлілігін және әрқайсысының өзіндік орны мен қолданыс аясының бар екендігін бағамдаймыз. Сондай-ақ ғалымдардың жіктелімдеріндегі өзгешеліктер олардың зерттеулерінің мақсат-міндеттеріне байланысты екендігі аңғарылады.

Ш.Ж.Тохтабаева жіктемесіндегі көпшілікке беймәлімдеу зергерлік бұйым атауларының бірі *шытыраға* анықтама берейік.

*Шытыра* – киім-кешекке тағатын, үй жиһаздарына, ыдыс-аяқтарға, ат әбзелдеріне орнататын күміс әшекей. Шытыраны көбіне күмістен, бірақ кейде алтын сынды қымбат металдан да жасап, асыл тастан көз қондыратын болған. Шытыраны бас киімге, аяқ киімге сәндік ретінде пайдаланумен қатар омырауға түйме, тұмар ретінде де таққан. Сондай-ақ матадан, қайыстан, ағаштан, сүйектен жасалған заттардың бетіне қадаған (5, 342).

*Адам жүрегінің, туған айдың, қошқар мүйізінің түрін түсіріп жасаған бастырмалар мен ақықтар өте әсем келеді* [ҚТТС, 3-т., 78].

Осы сөйлемдегі күнделікті өмірде сиректеу қолданылатын *бастырма сөзі* «қамзол, кәжекей, көйлектің өңірін бастыратын, кейде көйлектің етегіне қадалатын алтын жалатылған күміс әшекей» деген ұғымды білдіреді [5, 427].

*Тойға киетін таза көйлектің омырауына жүрек тәрізденіп күмістен жасалған жасалған өрнекті жармалар тізбегі тағылатын* [ҚТТС, 6-т., 106]. Берілген сөйлемнен *жарманың* да әшекейлік бұйымдардың бірі екендігі аңғарылады.

Қазақ әйелдерінің зергерлік әшекей бұйымдарының ішінде қазіргі кезде өте сирек қолданылатын *әйкел, шұбыртпа, қоза* деген түрлері де бар.

*Әйкел* – алтын не күміспен әшекейленген, қыздар мойнына тағатын алқаның көне атауы. Әйкелдің кейбір түрі қыздардың кеудесіне ілінетін алқа тәрізді етіп тігіліп, күміс ақша немесе асыл тастармен безелген зерлі барқыттан жасалады, сол иықтың үстіне түсіп, оң қолтықтың астынан түймеленеді. Байырғы ортада мұндай әйкелді сәндік үшін және тіл-көз тимесін деген мақсатта таққан, *шұбыртпа* – асыл тастардан тізіп жасаған, моншақ, алқа, салпыншақты өңіржиектің байырғы атауы (5, 725), *қоза* – алтын, күмістен жасалып, ортасына тас орнатылған, сырт және бас киімге тағылатын күмбез пішінді әшекей бұйым (ҚТТС, 9-т., 646).

*«Сұлу қыз кішкене көк қамзолды тізесіне салып, омырауына ойған күміс тана қадайды»* [8, 93].

*Тана* сыртқы пішіні жағынан түймеге ұқсас, бірақ одан сәл үлкендеу, жалтырақ болып келеді, әйел адамдардың сәндік үшін киімінің жағасына, бас киіміне, омырауына тағатын әшекейінің бір түрі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылған пайымдауларды тұжырымдар болсақ, қазақ халқының зергерлік өнері көне дәуірлерден бастау алады. Көршілес орналасқан халықтар мен қазақ зергерлік әшекей бұйымдарының атауына, қалыбына, ою-өрнектеріне байланысты кейбір сәйкестіктер ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мәдени қарым-қатынастың, сауда-саттықтың куәсі іспеттес.

Қолөнер бұйымдарын жасауда алтыннан гөрі күмістің кеңірек қолданылуы алтынның жұмсақ әрі қымбат болуымен, күмістің емдік және тазартушылық қасиеті жөніндегі халықтың түсінігімен, сондай-ақ қолжетімділігімен байланысты. Демек түрлі металдардан жасалып, асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдар әйел адамның бейнесіне көрік беріп қана қоймай, сырт көзден қорғау, тазалықты сақтау тәрізді қосалқы қызметтерді де атқарған.

Зергерлік әшекей бұйымдарының атаулары қазақ тілінің сөздік қорының ауқымды бөлігін құрайды. Олардың астарында халықтың тарихы, мәдениеті мен таным-түсінігі жөнінде құнды мәліметтер сақталған. Қазақ тіл білімінде бұл мәселенің біршама зерттелгендігі жоғарыда айтылды. Алайда осы атаулардың салыстырмалы, салғастырмалы және аударматанымдық тұрғыдан зерттелуі әлі де болса назардан тыс қалып жатыр. Көркем әдеби шығармаларды ана тілімізден шетел тілдеріне аударуда немесе салғастырмалы зерттеу барысында осы тәрізді көненің көзі іспеттес тілдік бірліктердің түп-төркінін, қолданыс аясын, оларды тұтынудың мәнін, себеп-салдарын түсінбеу, білмеу аударманың да, зерттеудің де сапасына нұқсан келтіретіні мәлім. Алдағы уақытта осы мәселелерге көңіл бөлініп, тіл қазынасының қатпарындағы байырғы сөздер жаңғырып жатса, күрмеуі шешілмеген түйткіл мәселелер қатары сөйле түсері анық.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993. – 158 б.
- 2 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб.: Карла Крайя, 1832; Вульфсон Э.С. Киргизы. – Москва, 1901. – 79 с.
- 3 Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. – 280 с.
- 4 Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. – Алма-Ата: Өнер, 1986. – 256 с.
- 5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: Азия Арна, 2014. – 840 б.
- 6 Тохтабаева Ш.Ж. Шедевры Великой степи. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 240 с.
- 7 Шойбеков Р.Н. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2012. – 312 б.
- 8 Аймауытов Ж. Акбілек: роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.

Материал 20.05.2020 баспаға түсті

## REFERENCES

- 1 Shoibekov R. N. Vocabulary of Kazakh jewelry art. – Almaty, 1993. – 158 p.
- 2 Levshin A.I. Description of the Kirghiz-Kazak or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes. – St. Petersburg: Karla Kraya, 1832; Wolfson E.S. Kirghiz. – Moscow, 1901. – 79 p.
- 3 Andreev I.G. Description of the Middle Horde of Kirghiz-Kaisaks. – Almaty: Gylym, 1998. – 280 p.
- 4 Margulan A. Kh. Kazakh folk applied art. Volume 1. – Alma-Ata: Oner, 1986. – 256 p.

- 5 The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. – Almaty: Asia Channel, 2014. – 840 p.
- 6 Tokhtabaeva Sh. Zh. Masterpieces of the Great Steppe. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 240 p.
- 7 Shoibekov R.N. Explanatory dictionary of Kazakh handicrafts. – Almaty: Sardar Publishing House, 2012. – 312 p.
- 8 Aimaurov Zh. Aqbilek: a novel. – Almaty: Atamura, 2003. – 280 p.

### **Этнолингвистическая сущность языковых единиц, связанных с ювелирным искусством**

С.К. Сатенова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан

*Статья посвящена изучению языковых единиц, связанных с ювелирным искусством в казахском языке. В статье представлен краткий обзор изучения и классификация данных языковых единиц. Также проанализирована этнолингвистическая сущность ряда редких наименований ювелирных изделий. Исследование показало, что большинство обучающихся вузов не знакомо с наименованиями некоторых древних казахских ювелирных украшений, их этнокультурными аспектами, а также традиции их ношения. Поэтому важно исследовать данные языковые единицы, которые составляют большую часть языкового фонда в сравнительном, сопоставительном и переводческом аспектах. Так как форма, материал, орнамент и даже использование какого-либо ювелирного изделия несет в себе особый смысл, который остается скрытым для большинства. Изучение языковых единиц данной группы, помогает расшифровать некоторую информацию об истории, культуре, мировоззрении, принципах и ремеслах нации.*

Материал поступил в редакцию журнала 20.05.2020

S.K. Satenova

### **Ethnolinguistic nature of language units related to jewellery**

L.N. Gumilyov Eurasian national university, Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan

*The article is devoted to the study of language units related to the jewellery art in the Kazakh language. The article provides a brief overview of the study and classification of such language units. It also contains an analysis of ethnolinguistic nature of a number of rare jewellery items. The study has revealed that the majority of university students are unaware of names, ethno-cultural aspects, and the reasons for wearing some ancient Kazakh jewellery. Therefore, it is important to study such language units, which make up the bulk of the vocabulary, in comparative, contrastive and translation aspects. Since the form, material and ornament, and even the use of any jewellery bear a special meaning that is hidden for the most. The study of language units related to this group helps to reveal some information about the history, culture, worldview, principles and crafts of a nation.*

Received: 20.05.2020

SRSTI 16.31.41

**Zh.T. Taubayev<sup>1</sup>, A.K. Myrzayanova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan

**SOME PECULIARITIES OF TRANSLATING ENGLISH AND KAZAKH IDIOMS**